



**Бұйрық №1**

«Айыртас бастауыш мектеб»КММ

27.04.2023ж

**Оқушыларды тегін ыстық тамақпен**

**камтамасыз ету туралы**

Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығы, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы және Ақтоғай ауданының білім бөлімінің 31.08.2022ж №159 бұйрығын басшылыққа ала отырып  
**БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2022-2023 оқу жылында мектепте білім алатын 1-4-сыныптың барлық оқушылары және 5-9 сыныптағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 30 желтоқсан күнгі №949 (25.01.2008жылғы №64) қаулысымен бекітілген тегін тамақтану құқығына ие жеке санаттағы оқушыларына барлық санитарлық - эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып, бір мезгіл тегін ыстық тамақ ұйымдастырылсын;
2. Мектеп асханасында сынып жетекшілер мен мұғалімдерден құрылған кезекшілік ұйымдастырылсын;
3. Мектеп асханалары мен ас блоктарында санитарлық – эпидемиологиялық талаптардың сақталуын қатаң бақылауды мұғалімі Б.Сүлейменова және мектеп медбибісі Ж.Сәметоваға жүктеймін;
4. Асханаға келген тамақты қабылдап алу;
5. – сақтау мерзімі;  
- сапасы  
тамақты арнайы куәліктерінің болуын қадағалау аспазшы Ш.Бердібекке және медбике Ж.Сәметоваға міндеттендірілсін.
6. Бастауыш сынып мұғалімдері оқушыларының күнделікті бір мезгіл ыстық тамаққа уақытымен қатыстырып отыру міндеттелсін;
7. Мектептегі тамақтану мәзірін әзірлеу және 1 күндік тәуіліктік сынамасын уақытылы алып, сақталуын қадағалауды мектептің медициналық қызметкері Ж.Сәметоваға жүктелсін;
8. ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға білім беру ұйымдарында тәрбиелеуші және білім алушы балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарды сатып алу қағидаларын бекіту туралы » №598 бұйрығына сай ыстық тамақ сапасына мониторинг жүргізетін комиссия тағайындалсын;

